

Менеджмент түсінігі!



Менеджмент ([ағылш.](#) manage - басқару, меңгеру, ұйымдастыру,) - ұйымда немесе кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, әлеуметтік, оның ішінде білім беру үрдістерін басқару принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы.^[1]

Менеджмент кейде Менеджмент ғылымы, яғни ол адамзаттың басқару ісінің заңдылықтары мен өнімді әдістерін зерттейтін пән саласы есептеледі. Ол белгілі бір құралдар мен әдістанмалар арқылы басқаруды өнімді етеді, әсіресе Операцияларды зерттеу және Статистика секілділер арқылы басқаруға сапалық және сандық анализ жасайды.

Менеджмент дегеніміз мәлім ұйым, не кәсіпорынның мәлім жоспар мен ережеге сай өз өзін теңдеп, дұрыстап, бейімдеп, мәлім айқын мақсатқа жете алуы.

Менеджмент дегеніміз маман, құрал-сайман, ресурстар, қазына секілділермен қатар тұратын өндірістің өте маңызды буыны.

Питер Фердинанд Дракер (1909-2005) екі тұрғыда менеджменттің міндетін айқындаған: Маркетинг және Инновация.

Олар өзара байланысты, әсіресе жаңа тауар инновациясы маркетингтің негізі есептеледі. Дракер бойынша маркетинг сауда және өндірісте жеңіс пен жеңілістің негізі. Дегенмен қазіргі сауда-өнеркәсіп басқарушылар менеджмент пен маркетингті ұқсамайтын екі ғылым саласына ажыратады. Басшы, не менеджер кәсіпорынға сенімділік және кәсіптік бағдар беріп, оның өнімді шешім шығаруын орындауы керек.

Ғылым ретінде менеджмент кәсіпорын жобасы, ұйым, жоспар, тізгіндеу, ресурстарды ыңғайлау секілді өзара байланысты істердің біртұтастығы, ол мақсатқа өнімді жетуді көздейді.

Осы заманда менеджменттің төрт қызметі аталады: жоспарлау, ұйымдастыру, мотивациялау, бақылау.

Менеджмент фирманы басқарудың негізгі формасы болады. *Менеджмент* шешімдер қабылдап, оларды орындауға бағытталған жүйе. Материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын пайдалану варианттарының мүмкіндігінше ең жақсы оптималдығын жүзеге асыру кезделеді.

Менеджменттің пайда болуы корпоративтік кәсіпкерліктің дамуымен байланысты. Осы болмыста, фирманың мүліктерін басқару қызметі меншік иесінің өкіліне — *менеджерлерге* көшеді.

Менеджер деп акционерлердің пайда алуын мақсат ететін, ақы алып фирма қызметкерін ұйымдастыратын жалдама жұмысшылар аталады.

Менеджмент құрылымы үш бөлімнен тұрады:

өндірістік менеджмент;

қаржы менеджменті;

нарықтық (өткізу) менеджмент, немесе, маркетинг.

Өндірістік менеджмент белгілі көлемде, белгіленген сапада, келісімді мерзімде және шығындарды барынша төмен жұмсап, тауарлар өндірумен айналасатын басқарушы қосалқы жүйе болып табылады.

Қаржы менеджменті фирманың қаржы құралдарының қалыптасуын табыстардың барынша мол болуын және шығындардың барынша аз болуын қамтамасыз ететін қосалқы жүйе.

Нарықтық менеджмент — маркетинг — бұл нарыққа бағытталған фирманың коммерциялық қызметтерін басқару болады. Маркетинг (ағылшынша «market» — нарық) нарықтарды тандау үшін, нарыққа кірудің уақытты мен әдістері үшін, жаңа өнім жасалуы үшін, тауардың нарықтағы жылжуы үшін, баға саясаты үшін жауапты

болады. **[4]**

Назарларыңызға рахмет!